

Тақырыбы «Ахмет Байтұрсынов - қазақ халқының ұлы көсемі» (мәнерлеп оқу) сайысы ұйымдастырылды. Мақсаты – ұлтымыздың рухани көсемі – Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы ғылыми еңбектері өлеңдері туралы мағлұмат беру.



Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беру, ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйе, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу, оқушылардың танымдық деңгейін дамыту мақсатында 3-сынып жетекшісі Н.Сілеумұханова "Ұлттың ұлы ұстазы" тақырыбында шара өткізді.



Балалар жылы аясында 7 қыркүйек денсаулық күніне орай "Спорт-біздің серігіміз" тақырыбында 2000 метр қашықтықта жүгіру сайысы болып өтті. Кроссқа 5-11 сынып оқушылары түгелдей дерлік ат салысып, қатысты. Ұлдар арасында жүлделі 1 орынды Төлеп Мейырлан, 2 орынды Мұрат Парасат, 3 орынды Алпысұлы Абдуллах иеленсе, қыздар арасында жүлделі 1 орынды Ринатқызы Диана, 2 орынды Әсетқызы Аягөз, 3 орынды Қадырбайқызы Бегайым иеленді.



Есбол орта мектебінде 7 қыркүйек күні «Адал ұрпақ» ЕМК 9-11 сынып оқушылары мен қазақ тілі пәні мұғалімінің қатысуымен «Адалдық сағаты» болып өтті. Аталған сынып сағаты мемлекетіміздегі сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу бағытында жүргізіліп жатқан ортақ саясаттың маңыздылығы және сыбайлас жемқорлықтағы өзекті мәселелері тақырыбына арналды. Сынып сағаты барысында департамент тарапынан дайындалған «Адалдыққа үндеген поэзия падишасы Фариза» атты бейнеролик көрсетіліп, оқушылар өз пікірлерін білдіріп, ортаға салды.



"Абайлаңыз, балалар" жедел профилактикалық акция аясында Махамбет аудандық полиция аға лейтенанты Жайшылықов Нұрылбек және мектептің жас инспекторлары, жетекшісі мектеп тәлімгері Ф.Тюрина 1, 3-сынып оқушыларына жолда жүру ережелері туралы түсінік берді. Оқушыларға жол ережесін түсіндіре отырып, оны сақтау өз өмірінің кепілі екендігін айтып өтті. Және де оқушыларды барлық жол белгілерімен таныстырды.



Мектебімізде 27 қыркүйек күні "Дублер" күнін ұйымдастыру туралы мектеп парламентінің мүшелерімен кеңес өткізілді. Кеңес барасында мектеп директоры, оқу ісі жөніндегі орынбасары, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 1-11 сынып жетекшілері тағайындалды.



26-29 қыркүйек күндері аралығында аудан аумағында өткізіліп жатырған «Жанұя және бала» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында 28 қыркүйек күні мектеп инспекторы Махамбет АПБ-нің ЖПҚБ-нің ЮПТ-ның КТІЖ-гі УПИ-ры полиция аға лейтенанты Алдабергенов Абдимухтар Серикович 5-7 сынып оқушыларымен түсінік жұмыстарын жүргізді.



Дублер күнін ұйымдастыру кезеңдері жүріп жатыр. Мектеп директоры, оқу ісі жөніндегі орынбасары, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 1-11 сынып жетекшілері дублерлері таныстырылып, өз қызметтері жөнінде ұстаздарынан мағұлматтар алды.




Дәстүрлі ұстаздар мерекесіне орай 5-сынып оқушылары бар шығармашылық қабілеттерін, өнерлерін, сезімдерін ортаға салып, шын жүректен тілек тілеп, ұстаздарға мерекелік көңіл күй сыйламақ ниетпен 3 қазан куни шара өткізді. «Ұстаз – аты биік, әрі мәңгілік» атты мерекелік іс шара жоғары деңгейде өтті.



4 қазан күні "Ұстаз деген- жарық күні ғаламның" тақырыбында концерттік бағдарлама өтті. Шара ең алдымен мектеп директорының дублері Төлеп Мейірланның құттықтау сөзімен басталды. Мәдениет фракциясының депутаты Таңатова Әсел концерт барысында құттықтау сөз алып, барша парламент мүшелері ұйымдастырған "Оқушы көзімен-Үздік ұстаз" дауыс беру сауалнамасын ұйымдастырғандығын және де сол кезеңде көп дауыс жинаған ұстаздарды марапаттады.



5 қазан – Дублер күні жалғасуда. Мектеп директорының дублері- мектеп парламентінің президенті Төлеп Мейірлан өз жұмысын жүйелі жүргізуде. Мектепке келген қатынас қағаздармен танысып, сабаққа қатысуда.





6 қазан күні ұстаздар мерекесі орай спорт фракциясының депутаты Ж.Таңатовтың ұйымдастырумен жоғары сынып оқушылары мен ұстаздар арасында волейболдан жарыс ұйымдастырды.



5-11 сынып оқушыларымен жиналыс өткізілді. Жиын барысында жоғары сынып оқушылары төменгі сынып оқушыларына әлімжеттік көрсетпеу, қысым көрсетпеу туралы түсінік жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар жалған мәлімет таратпау, ол қылмыстық іс және жауапкершілікке тартылатын туралы айтылып өтті.



18 қазан күні "25 қазан Республика күні" мерекесіне орай "Жасұлан-Жаңа Қазақстан болашағы" тақырыбында өнеге сағатын өткізді.



19 қазан күні директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Қоржықбаева және мәдениет және өнер фракциясының депутаты А.Таңатова Республика күні мерекесіне орай "Менің ұлы Отаным-Қазақстан" тақырыбында патриоттық кеш өткізді. Шараға 7-11 сынып оқушылары қатысты. Шара барысында: Патриоттық әндер айтылды. Қазақ басынан өткерген қиын-қыстау кезеңдерден көріністер қойылды. Отан туралы көркемсөздер оқылды. Қазақ биі биленді.



20 қазан күні Қамқорлық фракциясы мен оқушылардан құралған еріктілер тобы "Жанашыр-жүрек" атты қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Акцияға еріктілер тәтті тағамдар мен оқу құралдарын сатып, жәрмеңке өткізді.





«Жаңа Қазақстан. Таза табиғат» 2-сынып оқушыларымен өткізілген таза табиғат аясында Team building- тимбилдинг 25 қазан ұлттық мереке – Республика күніне орай 2-сынып оқушыларымен таза ауа аясында «Жаңа Қазақстан- Таза табиғат» тимбилдинг ұйымдастырылды. Мақсаты: тимбилдинг — ұйымшыл ұжым қалыптастыруға, команданың әрбір мүшесі өз орнын табуға және қабілетті барынша дамытуға жағдай жасау. Таза ауада еркін қарым-қатынас жасау арқылы тапсырмалар орындау.



"Қазақстан -туған жерім, туған елім" тақырыбында 1 сынып жетекшісі А.Иманкулова сынып сағатын өткізді. Мақсаты : оқушыларды туған жерін, елін, халқын ардақтап өтуге үйрету.



Күзгі балл мерекесіне орай 5-7 сынып оқушылары арасында сайыс болып өтті. Сайысқа оқушылар белсенділікпен қатысты.



1-4 сыныптар арасында "Сыбдыры сұлу , алтын күз" тақырыбы концерттік бағдарлама өтті. Оқушылар күзгі мерекеге ерекше дайындықпен келіп, өнердерін көрсетті.





3 қараша күні оқушылардың демалыс уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында 7-сынып жетекшісі Ж.Таңатов “XXI ғасыр көшбасшысы” интеллектуалдық сайысын ұйымдастырып өткізді. Сайыс 3 кезеңнен тұрды. Іріктеу кезеңі; Тез жауап; Ұяшықтар

Оқушылар сайысқа белсене қатысып, қызығушылықтары жоғары екендігін байқатты. Сайыс қортыныдысы: Рахымғалиева Мадина I дәрежелі, Мырзағуат Ырысбек II дәрежелі, Жанбосын Лаура III дәрежелі дипломмен марапатталды.



Қазан айында жол қозғалысы инспекторының мүшелері 5-6 сынып оқушыларына түсінік жұмыстарын жүргізіп, ережелермен таныстырып өтті. Жетекшісі мектеп тәлімгері Ф.Тюрина



11 қараша күні 9-10 сынып оқушыларына мектеп инспекторы Алдабергенов Абдимұхтар құқықбұзушылықтың алдын алу, жасөспірімдер арасында заңсыз көлік басқару туралы түсінік жұмыстарын жүргізді .



8-сынып жетекшісі М.Зинуллина және құқық фракциясының депутаты А.Жаңабай 8 сынып оқушыларына "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" тақырыбында сынып сағаты дөңгелек үстелде өтті. Зорлықтың қандай түрлері белгілі? сұрақ төңірегінде ой қозғалды. Оқушылар балағаттау, қорлақ, сөгу сынды түрлерін атады. 1. Сіздердің ойларыңша, неге біреу басқа адамға қатысты зорлық көрсетеді? /мазақтайды, күледі/ 2. Кімді жиі ренжітеді? Осы сұрақтар төңірегінде ой пікірлер қозғалды.





Құқық пәні мұғалімі Г.Тұрғанбаева мен 9-сынып жетекшісі Л.Нұрғалиева және құқық фракциясының депутаты А.Жаңабай "Қатыгездік-зорлық зомбылық" тақырыбында ақпараттық сағат өткізді. Мақсаты: Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету.



"Ғаламтордың зияны мен пайдасы" тақырыбында 9-сынып жетекшісі Л.Нұрғалиева және өзін-өзі басқару ұйымы мүшелері сынып сағаттын ұйымдастырды. Мақсаты: интернетке байланысты оқушыларда толық ой қалыптастыру, пайдасы мен зиянын түсіндіру. Оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін жетілдіру, шығармашылыққа баулу. Оқушылар өз ойларын тиянақты жете айта білуге, өздерін сабырлы әрі тәртіпті болуға, басқаны тыңдай білуге тәрбиелеу.



География пәні мұғалімі С.Қоржықбаева мен Дебат фракциясы депутаты Д.Сәлімжан 10- сынып оқушыларына "Қазақстанның туризмі мықты ма, шетелдің туризмі мықты ма? " тақырыбында дебат өткізді. Жүргізуші Төлеп Ақгүл дебаттың нақты ережесімен таныстырып өтті. Дебат барысында ойыншылар өз қарары бойынша сөйлеп,



аргумент пен факт келтіріп, статистикалық мәліметтерді көрермендер мен қарсы топ назарына жеткізе алды. Тайм кипер уақытты белгілеп, дебаттың өз ережесімен өтуіне атсалысты. Төрешілердің шешімі бойынша Жолдасова Аяулым, Төлеп Мейірлан, Таңатова Әселдер мықты ойыншы атанды.



Жанұядағы әже мен немере арасындағы қарым-қатынасты нығайту, Әжеге деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын бойға сіңіру және баланы ұлттық рухани құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында "Ұлы дала құндылықтарына негізделген тәрбие" жобасы аясында 3-сынып жетекшісі Н.Слеумұханова "Әженің сөзі, тәрбие көзі" тақырыбында тәрбиелік ғибраты мол тағылымдық сайыс өткізді.

Сайыс барысында әжелер мен немерелер 8 кезеңнен тұратын тапсырмаларды орындап, өз өнерлерімен, тағылымды әңгімелерімен көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Сайыс соңында әжелерге ілтипат білдіру мақсатында «Ең өнерлі әже» атағы Оразова Маншүк әжеге, «Ең сырлы әже» Маханова Роза әжеге, «Ең мейірбан әже» Меңдіғалиева Назира әжеге, «Ең алтын оймақты әже» Қыдырқызы Танзила әжеге табысталды. Жоба аясында ұйымдастырылған шарада қазақтың салт-дәстүрлері, ырым-тыйымдары кеңінен насихатталып, жас ұрпақтың санасына тағылымды, құнды ой-пікірлердің қалыптасуына ықпал етті. Шараға қатысқан әжелер мен немерелерге ұйымдастырушылар атынан зор алғысымызды білдіреміз.



“Адал ұрпақ” клубының мүшелері “Ерлік - елге мұра, ұрпаққа - ұран” тақырыбында қазақтың тұңғыш ұшқыш қызы Хиуаз Доспановаға арналған бейне-дәріс көрсетіп, адалдық сағатын өткізді. Адалдық сағаты барысында қазақ халқынан шыққан сан мыңдаған батыр ұл-қыздардың ішінде есімі елге ерекше таныс батыр апаларымыздың бірі, қазақтың тұңғыш әйел-ұшқышы, жауынгер, батыр, Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы Хиуаз Доспанованың шыншыл, ақиқатты жақтайтын, батыл, ержүктігі туралы айтылды.



"Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубының мүшелері қатысумен слет өтті. "Адал ұрпақ" мүшелері жемқорлыққа қарсы ойларын айтып, сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ екендігін түсіндірме жұмыстарын жүргізді.





"Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубының шығармашылық бағытынын насихаттау мүшелері "Адал,әрі сатылмайтын еңбек" сурет сайысын ұйымдастырды.



"Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубының құқықтық білім бағытынын насихаттау мүшелері "Біз ең таза қоғамды құрамыз" 7-8 сыныптарға дәріс өткізді.





"Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубының мәдени шаралар бағытынын насихаттау мүшелері "Мемлекеттік қызмет өмірлік ұстанымым" тақырыбында құқық пәні мұғалімі Г.Тұрғанбаевамен кездесу ұйымдастырды.



Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында 7-11 сынып оқушыларының арасында спорт фракциясының депутаты Ж.Жаңатов волейболдан жарыс ұйымдастырды. "Тәуелсіздік- ең басты байлығымыз" ұранымен өткізілген спорттық жарысқа оқушылар белсенділікпен қатысты.



Жергілікті сазгер, ақын, Есенғалиев Теміржан Қайырұлымен "Ақын-елдің ардағы" атты сыр-сұхбат кеші болып өтті. Мақсаты: Өлкеміздің

халықтың ыстық ықыласына бөленіп жүрген, қаламгеріміздің өрнегі мол жырларын оқуға насихаттау, оларды өнегелі өмір жолдарын өскелең ұрпаққа өнеге тұтытып, жастарды кітап оқуға құлшынысын арттыру, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Шара барысында мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы Е.Козыкешов алғашқы сөз кезегін сөйледі. Оқушылар сазгер ақын Есенғалиев Теміржан ағайға көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, ағайдан өз сұрақтарына жауап алды. Ақын сазгер Есенғалиев Теміржан ағайдың бір топ немерелері ағайдың өлеңдерін



мәнерлеп оқып, 4-сыныпта оқитын Айтұмар өз өнерін ортаға салды. Мектеп қызметкері Тілек Сағымбайқызы ағайға өзі шығарған, өлең шумаған арнады. Шара соңында ағайдың төл туындысы "Киелі ордам-мектебім" атты Есбол орта мектебінің гимні айтылды.

Тәуелсіздік мерекесіне сәйкес директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Қоржықбаева, мектеп тәлімгері Ф.Тюрина мен тарих пәні мұғалімі Ж.Таңатов және қамқорлық фракциясының депутаты Аманжол Б тәуелсіздік мерекесі қарсаңында тәуелсіздік ұғымын, оның бізге оңайлықпен



келмегенің ұғындыру мақсатында "Ұлы дала таңы" атты Қасым хан туралы тарихи кино кеш ұйымдастырды. Кино кештен түскен қаражат қайырымдылыққа жұмсалды.

Тарих және құқық пәннің мұғалімі Г.Тұрғанбаеваның ұйымдастыру мен "Желтоқсан- азаттық рухтың жаңғырығы" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: Желтоқсан оқиғасының басталуы және алаңға шыққан қазақ жастарының ерлігі туралы айта отырып Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызына баға беру. Шара барысында оқушылар жалпы Желтоқсан оқиғасы туралы кең көлемде біле отырып және осы оқиғаға әділ баға беруде КСРО халық депутаты ақын Мұхтар Шахановтың роліне тоқталды. Шара соңында пән мұғалімі Г.Тұрғанбаева Қазақстан Республикасының Президенті Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың құндылық сөздерімен аяқтады.



Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының 2022-2023 оқу жылындағы жылдық жоспарына сәйкес 22 – желтоқсан күні 1- сынып, 5- сынып оқушыларының «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қабылдау салтанаты өткізілді. Қабылданатын оқушылар «Жас Ұлан», «Жас Қыран» қатарына өтудің жауапкершіліктің мол екенін сезіне білді. Оның қатарына қабылданған оқушы мектептің қоғамдық жұмысына белсене араласып және сабақтарын жақсы оқып, өз елінің мақтанышы болатын азамат болуына міндеттейтінін сезінді. «Жас Ұлан» ұйымына мектебімізден 16 оқушы, «Жас Қыран» 11- оқушы қабылданды.

Балалар ұйымы мүшелігіне қосылғаннан кейін қоғам өміріне белсене араласады, өзінің жас ерекшелігіне қарай қоғамдық қозғалыстарға қатысады, өздерін тұлға ретінде таныта алады. Өзінің қабілет - қарымын таразылап, үлкендер өміріне араласуға мүмкіндік алады.





"Ұлы дала құндылығына негізделген тәрбие" жобасы аясында «Еңбек» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру, еңбек етуге деген қызығушылықтарын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында «Шыдамды еңбек, алғыр ой, нағыз досың біліп қой!» сайыс ұйымдастырылды. Шара келесі кезеңдерді қамтыды: I. Таныстыру. Екі топ өздерін таныстырады. II. Сұрақ – жауап. Екі топқа мақал – мәтел беріледі, мағынасын айтады. III. Көрініс. Бұл жерде оқушылар өздерінің көріністерін ортаға қояды. Екінші топ оны баяндайды. IV. Кім жылдам? (түйме қадау). Алдарына мата мен түймелер беріледі. Екі топқа түйме, ине-жіп, мата беріледі. Сақтық ережелерін сақтай отырып, матаға түймені қадау керек. V. Шеберлер қиялы. Бұл тапсырма үй тапсырмасы ретінде берілді. Ата-анасымен бірігіп жасаған қолөнерлерін көрсетіп, таныстырады. Сайысқа оқушылар белсенді түрде атсалысып қатысты. Екі топ сайыс соңында марапатталды



8-сынып жетекшісі жоспарға сай М.Зинуллина "Бала құқығы-адам құқығы" тақырыпта сынып сағатын өткізді. Сынып сағаты кезеңдермен өтті. 1. "Сиқырлы жіп" әдісі арқылы өміріңді қалай көресің төңіректе жіпті үзбей айту. 2. "Бәріміз бірге" ойыны. (Басталған сөйлемді аяқтау). 3. "Жылдар сөйлейді" 4. "Ойлан тап" ойыны (жағымды кейіпкер болса қол шапалақтау, жағымсыз болса аяқ соғу) 5. "Кім жылдам" (сұрақ-жауап) 6. "Жағдаят шешу"



Мектеп инспекторы Абдимухтар мырза оқушыларға жиын өткізіп, 25-28 қаңтар күндері аралығында Махамбет ауданы көлемінде Қазақстан Республикасы ПМ-нің нұсқауына сәйкес «Түнгі қаладағы балалар» жедел-профилактикалық алдын алу іс-шарасы өтуде екендігін қаперге берді. Мақсат – кәмелетке толмағандардың арасында қылмыстың алдын алу және болдырмау, оларға алкогольді ішімдіктер мен темекі өнімдерін сатуды, түнгі уақытта кәмелетке толмағандарлардың заңды өкілдерінсіз ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуын сонымен қатар, суық каруды еркін алып жүруін болдырмау.





Есбол орта мектебінің "Жігер" жас тәртіп сақшылары және жетекшісі мектеп тәлімгері Ф.Тюрина "Жол ережесін білейік" тақырыбында жол ережелерін таныстыру шарасын өткізді. Жол ережесінмен мектеп инспекторы Абдимухтар мырза таныстырды.



Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтеу, насихаттау мақсатында директорыдың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Қоржықбаева мен мектеп тәлімгері Ф.Тюрина "Тарихымызды үш нышан белгісі" тақырыбында 6- сыныпқа сайыс өткізді. Оқушыларға ең алдымен тақырыпты ашу мақсатында "4сурет 1сөз" тапсырмасы берілді. Суретте Шәмші Қалдаяқов, 4 саны, пырақ және әкімшілік ғимаратында ілінген ту бейнеленген. Оқушылар сыни тұрғыдан ойлай отырып, тақырыпты ашты. Одан әрі "Кім жылдам" кезеңі өтті. Бұл кезеңде рәміздерге қатысты сұрақтар беріліп, оқушылар тез әрі дұрыс жауап беріп отырды. "Кім зерек" кезеңінде оқушыларға мектеп печаты, 100 және 50 теңгелік берілді. Топтар бұл





заттардың сайысқа қандай қатысы бар екендігін анықтап айта алды. Сайыстың соңғы кезеңінде мектепте орналасқан елтеңба мен тудың саны, ол қай жерде орналасқан, ел президенті суреті қай жерде ілініп тұрғаны, мемлекеттік гимн де неше рет ел сөзі кездеседі деген секілді сыни ойлау тапсырмасы берілді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Қоржықбаева мен мектеп тәлімгері Ф.Тюрина 5-сынып оқушыларымен "Ауыз әдебиетінің үлгілері" тақырыбында сайыс өткізді.

Мақсаты: оқушылардың өз ана тілін жақсы біліп, таза сөйлеуге үйрету, ұлттық салт-сананы қалыптастыру. Тіл байлығын, сөздік қорын, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Сайыс кезеңдері: Мықты болсаң- тауып көр. Жүйрік болсаң, шауып көр. Ойлы болсаң, озып көр. Кім жылдам. Тіл өнері. 5-сынып оқушылары сайысқа белсене қатысты.



8-сынып жетекшісі М.Зинуллина мен мектеп тәлімгері ФюТюрина сынып оқушыларымен "Нашақорлық пен маскүнемдіктің себептері мен салдары" тақырыпта сынып сағаты өткізді. Сынып сағаты "Бірлескен жұмыс" пен тақырып ашылды. Бейнекөрсетілім көрсетіліп пікірлері тыңдалды. Топтық тапсырма орындады. Рефлексия "Екі жұлдыз бір тілек" арқылы жүзеге асты.



Мектеп тәлімгері Ф. Жауғаштықызының ұйыдастыруымен жаратылыстану және дүниетану пәндері бойынша үлкен үзілісте 3-4 сыныптар аралығында “XXI -ғасыр көшбасшысы” сайысы өтті. Бәйге, Полиглот, Жорға кезеңдерінен мүдірмей өткен 4 сынып оқушысы Еңсеп Мирас көшбасшы атанып сертификатпен марапатталды. Барлық оқушылардың қызығушылығы шара барысында сыныптастарына қолдауынан көрінді.



3 ақпан күні 7- сынып жетекшісі Таңатов Жалғас пен мектеп тәлімгері Ф.Тюринаның ұйымдастыруымен жасөспірімдерді зиянды әдеттерден аулақ ұстау мақсатында “Темекі-есірткінің бір түрі” атты сынып сағаты өтті. Оқушыларға қазіргі таңдағы темекі тектес зиянды заттардың адам денсаулығына кесірі туралы ақпарат берілді. Видеоролик көрсетілді. Оқушылар арасында пікір алмасу үшін, сурет салып, айтар ойын сурет арқылы қорғады.





ЖасҰлан ұйымының мүшелерінен құралған тимуршылар командасы және еріктілер тобы жұмыс жасайды. Еріктілердің негізгі қызметі, ең алдымен, өздеріне көмектесе алмайтын мұқтаж жандарға (қарттық, панасыздық, мүгедектік, табиғи апаттар, әлеуметтік апаттар, апаттар) бағытталған. Осы орайда мектептің ЖасҰлан ұйымы мүшелері, тимуршылар тобы жетекшісі Ф.Тюрина, директордың уақытша міндетін атқарушы Е.Козыкешов, мектептің алғашқы әскери технологиялық дайындық пәні мұғалімі Ә. Қуанышов және 8-9-10 сыныптардан құрылған еріктілермен бірге сынып жетекшілер М.Зинулина, Л.Нұрғалиева ауыл қарияларының аула қарын тазалап көмектерін көрсетті.



Егемендікке ие болғалы Қазақстанның қоғамдық - саяси өмірінде болған өзгерістер оқыту, тәрбиелеу ісіне де жаңалықтар енгізіп, жаңа леп әкелді. Республика мектептерінде оқыту жаңадан жазылған төл оқулықтар, жаңа бағдарламалар негізінде жүргізіліп, білімнің мемлекеттік, әлемдік стандартқа сай болуы қарастырылды. Оқытудың жаңа технологиялары кеңінен енгізілді. Осы орайда мектеп тәлімгері Ф.Тюрина "мектептегі оқыту процесі" тақырыбында шахмат ойынын ұстаздар арасында өткізді. 1 тапсырма: Ұжымдастар чатына "Оқыту мен оқудағы тенденциялар" тақырыбында оқылым тапсырмасы жіберілді. 2- тапсырма: Шахмат ойыны арқылы бірлестіктер арасында командалық ойын ұйымдастырылды. Қолданылған әдіс: Диалогтық оқыту әдісі, оқу үшін бағалау әдісі, рефлексивті ойлау әдісімен талданды.

Қолданылған құрал: сұрақтар, шахмат алаңы. Бастауыш бірлестігінен Мендигалиева Гулвира, жаратылыстану математика бірлестігінен Сұлтанғалиева Жаңылсын, Қоржықбаева Самал, Шежіре бірлестігінен Тұрғанбаева Гүлмира, Мусаева Анар, Дене тәрбиесі бірлестігінен Қуанышев Әділбек белсенді қатысып сұрақтарға мүдірмей жауап берді. Жексенғұлов Ербол гид және төреші болды.




22 ақпан күні Есбол орта мектебінде оқушылармен жиналыс болып өтті. Қатысушылар: Мектеп директорының уақытша міндетін атқарушы, Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Мектеп тәлімгері, Ішкі істер бөлімінің қызметкерлері, сынып жетекшілер, Білім алушылар. Мемлекет басшысы Қазақстан жолдауында "Өскелең ұрпақтың болашағына қауіп төндіретін тағы бір қатер -есірткі заттарының , соның ішінде синтетикалық есірткінің таралуы екендігін де баса айтып, құқық қорғау органдарына бұл қатердің азаматтар арасында әсіресе жастардың ішінде таралуына байланысты тосқауыл қою" деп айтып өткен болатын. Осы мақсатта мектеп инспекторы Алдабергенов Абдимухтар мырза оқушылар арасында түсіндірме жұмысын жүргізіп , дәріс ұйымдастырды. Жиында Есірткінің зияны, салдары туралы баса айтылып өтті. Сонымен қатар оқушыларға түрлі жаднамалар мен кітапшалар таратылды. Мектеп президенті М.Төлеп қонақтарға алғыс айтып, аталған құнды мәліметтерді ұдайы есте сақтаймыз деп, кері байланыс берді.





Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Қыз баланы тәрбиелеу – ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Есбол орта мектебінде осы орайда "Қыз тәрбиесі - қоғам тәрбиесі" тақырыбында қыз оқушылармен жиын өткізіліп, түсінік жұмыстары жүргізілді. Махамбет аудандық полиция қызметі бөлімшесі әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция капитаны Сапарғалиева Арай ханым қыз тәрбиесі туралы маңызды мәліметтер мен құнды деректермен бөлісті. Мектеп оқушыларына жаднама таратып, кез-келген уақытта көмекке әзір екендігін, ватсап желісіндегі нөмері 24 сағат жұмыс жасайтындығын қаперге берді. Есбол орта мектебінің әкімшілігі шақыртуына қабыл алып, жиын өткізіп, түсіндіру жұмысына ат салысқаны үшін Сарапғалиева Арай ханымға Есбол орта мектебінің ұжымы алғыс білдіреміз.




Қайырымдылық — көмекті қажет етушілерге (адам және барлық жандыларға) білдірілетін сүйіспеншілік пен нақты көмек. Қайырымдылық ізгіліктің анық көрінісі болып табылады. Қайырымдылық — адамның асыл қасиеттерінің бірі. Кісінің айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегін адамгершілік қарым-қатынастарын білдіреді. Қайырымдылық ұғымының екі қыры бар. Осы орайда мектептің әлеуметтік педагогі Б.Сугирова дене тәрбиесінің мұғалімдерімен бірге волейболдан турнир өткізді. Ойынға 8 команда қатысты. Әр команда ойынға жарна төледі. Ойыннан түскен қаражат әлеуметтік осал топтағы отбасына көмек ретінде берілді.



Көрісу күні Наурыз мейрамының бастауы деуге де болады. Адамның адаммен, жылдың жылмен көрісіп, қауышқан шағы бұл. Пенденің аузы аққа, мал аузы көкке тиген шақ. Наурыз - жаңару мейрамы. Есбол орта мектебінің 2-сынып жетекшісі А.Иманкулова 14-наурыз ұлттық құндылықтар күнін атап өтті.



Наурыз мерекесі аясында "Ұлы даланың ұлттық бренді" тақырыбында ұлттық тағамдар шеруі өтті. 5-11 сынып оқушылары аясында ұлттық тағамдар таныстырылды. Тағамдар құрамы, кездесетін витаминдер, оның құнарлылығы жөнінде оқушылар толық айтып өтті.





Наурыз — шығыс елдерінің бүкілхалықтық мейрамы, Ұлыстың ұлы күні. Наурыз шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтіледі. Қазақ халқы да Наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын тойлап отыруды салт-дәстүрге айландырған. Міне осы мереке Есбол орта мектебінде де 16 наурыз күні бастауыш сыныптар және мад тобы арасында тойланып өтті.



Наурыз мерекесі қарсаңында "Нұр себеле -Ұлыстың ұлы күні" 5-11 сынып оқушылары арасында атты шара болып өтті. Шарада әр сынып бір-бір ауыл болып , наурыз тойын тойлады. Шараны ашу үшін құттықтау сөз Ержан ағайға жолданып , одан әрі ән шашылып, би биленіп, күй тартылды. "Қырқынан шығару" ; "Тұсау кесу" ; "Бастаңғы" сынды салт-дәстүрлерден көріністер қойылды.



4 -сынып оқушыларына Махамбет АПБ-н ЖПКб ПІТ қызмет инспекторы полиция аға лейтенанты М.Жакиев Махамбет ауданы көлемінде 27 наурыз бен 10 сәуір аралығында "Балалардың жолдағы қауіпсіздігі" атты акциясы аясында түсінік жұмыстарын жүргізді. Білім алушыларға құнды мәліметтерді бере отырып, сұрақтарына жауап берді.



5-сынып жетекшісі Ж.Сатқанбай мен мектеп тәлімгері Ф.Тюрина Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығына орай ақпараттық сағат өткізді. Сұлтан Бейбарыс туралы бейнеролик көрсетіліп, оқушыдармен талқыланды. Одан әрі оқушыларға сұрақ қойылды.





“Ұлы Даланың құндылығына негізделген тәрбие” жобасы аясында 7-сынып оқушыларына жетекшісі Жалғас Таңатов пен мектеп тәлімгері Ф.Тюрина “Қазақ халқының мәдениеті” атты интеллектуалды сайыс өткізді. Ойын 3 кезеңнен тұрды:

1) 5 сұрақ, 2) Жеребе, 3) Ұяшықтар. Ойыншыларға қазақтың рухани және материалдық мәдениеті бағытында әр түрлі тапсырмалар беріліп, ойын соңында Нүртілекұлы Мансур жеңіске жетті.



Мектеп тәлімгері Ф.Тюрина мен педагог-психологі Р.Қыдырқызы 9-сынып оқушыларына "Мен өзіме сенемін" тақырыбында тренинг өткізді. Мақсаты: 9-сынып оқушыларына білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг өткізу аясында психологиялық тұрғыда даярлау. Жағымсыз көңіл күйден, қобалжудан арылуға көмектесу. Оқушылардың өзіне деген сенімін арттыру.



Қазіргі қоғамдағы ең маңызды мәселерінің бірі – бұл жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың көбеюі. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін 7-11 сынып оқушыларына «Әлімжеттік жасау – әлсіздік» тақырыбында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Қоржықбаева, мектеп тәлімгері Ф.Тюрина және ұлдар ұйымының жетекшісі Ә.Қуанышов, мектеп психологы Р.Қыдырқызының қатысуымен жиналыс болып өтті. Ұлдарға түсінік жұмыстары жүргізіліп, маңызды ақпараттар берілді.



Мектеп тәлімгері Ф.Тюрина "Ерлікке тағзым" тақырыбында 2-сынып оқушыларына ерлік сағатын өткізді. Мақсаты: Ұлы жеңісті дәріптеу, оқушылардың өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен ата – бабамыздың ерлік ісін қастерлеп, рухын көтеру, үлгі тұту, патриоттық тәрбие беру.





19 мамыр күні "Менің мектебім буллингке қарсы" тақырыбында жалпы флешмоб ұйымдастырды. Мақсаты: Қоғам назарын балалардың қауіпсіздік мәселелеріне деген саналы көзқарасын қалыптастыру.



"Ұлы дала құндылығына негізделген тәрбие" жоба аясында мектеп тәлімгері Ф.Тюрина мен М.Зинуллина тимбилдинг ұйымдастырды. Есбол орта мектебінде "Ұлы дала құндылығына негізделген тәрбие" жобасы аясында 8 сынып оқушылары мен ата аналарымен бірге "Отбасы-бақыт мекені" тақырыбында мектеп ауласында тимбилдинг өтті. Топқа бөлінді. Ата аналар отбасы туралы берілген жұмыстарын қорғады. Оқушылар жазғы қауіпсіздік ережелерін атап өтті. Келесі іздеп жүріп тапсырманы орындады. Тимбилдинг ойындары "су құбыры", "кім мықты". Мектеп тәлімгері қорытындылап, "Алғыс хаттар" мен марапаттады.



"31-мамыр саяси қуғын-сүргін құрбандарын және аштық жылдарындағы қаза болған азаматтарды еске алып аза тұту" күніне байланысты 8-9 сынып оқушылары арасында сұрақ-жауап форматында тарих және құқық пәннің мұғалімі Г. Тұрғанбаева мен мектеп тәлімгері Ф.Тюринаның ұйымдастырумен дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: Қазақ халқының тарихындағы қасіретті кезеңде солақай саясаттың құрбаны болған қазақ халқының зиялы тұлғалары туралы мағлұмат беру және олардың есімдерін құрметтеуге сонда-ақ қазақ халқының болашақ ұлт тағдыры үшін жасаған игі істерін жас ұрпақ санасына насихаттау. Шара барысында жекелеген оқушылар ұлт зиялылары олардың өмір жолы, игі істері туралы ой бөлісті. Сонымен қатар тарих пәннің мұғалімі Ж. Таңатов ұлт көсемі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов туралы тың деректер айтып өтті. Мектеп директоры тарих пәннің мұғалімі Әлібек Қалыбайұлы оқушыларға жерлесіміз қоғам қайраткері Х.Досмұхамедұлы және Ғ.Бердиев туралы тың деректермен бөлісті. Шара соңында кері байланыс ретінде сұрақтар қойылып оқушылар өз ойларын еркін жеткізді.



Мектеп тәлімгері Ф.Тюринаның ұйымдастыруымен 5-ші сыныпқа "Мен патриотпын" тақырыбында сынып сағаты өтті. Ең алдымен патриот деген кім деген сауалға жауап алынып ары қарай кезен-кезенмен тапсырмалар орындалды. 1-кезең :сұрақтарға жауап беру. 2-кезең :мақал-мәтелдерді жалғастыру. 3-кезең :қажетті сөзді тауып орнына қойып, 3 тілде айту. 4-кезең: суретте берілген ұлы тұлғаларды танып, сол туралы мәлімет айту. Қорытындылай келе оқушылар патриот болу үшін қандай қасиеттерді бойға сіңіру қажет екені айтылып, кері байланыс алынды.





Есбол ауылдық клубында 31-мамыр Ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай, Есбол орта мектебінің тәлімгері Ф.Тюрина мен тарих пәні мұғалімі Таңатов Жалғас Елубайұлы Есбол ауылдық кітапханашысы Басарова Гүлбану Жаңабайқызымен бірлесе отырып танымдық сағат өткізілді. Шара басы құрбандарымызды бір минут еске алумен басталып, кейін халқымыздың басынан кешкен қасіреті баяндалды. Азап лагерлеріндегі аналарымыздың қатыгез өмірі туралы бейнеролик көрсетілді. Халық қуғын-сүргін кесірінен жазықсыз жапа шеккен қайраткерлердің есімдерін еске алу, олардың рухтарына құрмет көрсетуді әр уақытта да есінен шығарған емес.

